

Грамматика және грамматикалық бірліктер



Орындаған:Рахимова Умида

Тіл білімі немесе **лингвистика** (латынша: *lingua* – тіл + грекше: *tikos* – ілім) – тіл және оның даму заңдылықтары туралы ғылым.


Тіл білімінің зерттеу объектісі – тілдің әртүрлі жақтары мен салалары, олардың дамуы, өзара байланысы, тіл дамуының ішкі заңдылықтары, жазу және оның даму кезеңдері, тілдің шығуы мен жасалуы, дамуы, тілдердің жіктелуі т.б.

Тіл білімінің негізгі мақсаты – дүниежүзіндегі тілдерді зерттеу, оларды сипаттау, тілдегі түрлі құбылыстардың өзгеруі мен түрленуін, тілдегі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстардың дамуына шолу жасау.

Тіл білімі тілдерді зерттеудің салыстырмалы-тарихи тәсілі негізінде ХІХ ғасырдың басында қалыптасты. Оған дейін тілдің дамуы нақтылы айқындалмай, тек сипаттама беріліп қана дамыды. ХІХ ғасырдың І жартысында сипаттама талдау ғылыми талдауға көшуге мүмкіндік алып, нәтижесінде тіл білімі екі салаға бөлініп кетті: жеке тіл білімі және жалпы тіл білімі.


Жеке тіл білімі – жеке бір тілдің жүйесі мен құрылымын, оның даму заңдылықтарын зерттесе, **жалпы тіл білімі** – адам баласы тілінің жалпы заңдылықтарын қарастырды. Жалпы тіл білімі бірнеше тілдерді алып, оларды өзара зерттеп, жеке тіл білімі нақты теориялық бағыт көрсетеді. Кез-келген тілдің өзіндік дыбыс жүйесі, сөздік құрамы, грамматикалық құрылымы болады.

Тіл білімі зерттеу объектісіне қарай үш салаға бөлінді




Фонетика

(грекше: *phone* – дыбыс + *tikos* - ілім) тіл дыбыстарын зерттейтін көлемді сала



Лексикология

(грекше: *lexicos* – сөздік < *lexis* – сөз + *logos* - ілім) – тілдің сөздік құрамын қарастыратын сала.



Грамматика

(грекше: *grammatike* – дұрыс жазамын) – тілдің өзгеру, түрлену жүйесін қарастыратын сала.

Грамматика саласы іштей екі салаға – морфология және синтаксиске жіктелді:

Морфология (грекше: *morphe* – тұлға + *logos* - ілім) – тілдегі сөз таптары мен сөздердің өзгеруін, түрленуін қарастырады.

Синтаксис (грекше: *syntaxis* - байланыс) – сөйлем мен сөз тіркесінің өзгеруін, түрленуін қарастырады.

Тіл білімі зерттеу объектісінің мақсаттарына қарай төрт салаға жіктелді:

Салыстырмалы – туыстас тілдердің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін өзара салыстырып қарастырады.

Салғастырмалы – туыс емес тілдердің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін өзара салыстырып қарастырады.

Синхрониялық (синхрониялық) – тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін белгілі бір дәуірдегі қалпы тұрғысынан қарастырады.

Тарихи (диахрониялық) тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін әртүрлі дәуірде қарастырады.

Ғылым атаулы зерттеу объектісіне қарай екіге бөлініп қарастырылады: жаратылыстану және қоғамдық ғылымдар. Қоршаған ортадағы материалдық, яғни жаратылыс құбылыстарын жаратылыстану ғылымдары зерттейді. Оларға физика, химия, математика, биология, астрономия т.б. жатқызуға болады. Ал адам баласы қоғамындағы құбылыстарды қоғамдық ғылымдар зерттейді. Оларға философия, тарих, саясат, әлеуметтану, заң т.б. жатқызылады. Тіл білімі осы екі ғылымның қайсысына жатады деген мәселеде кейбір ғалымдар жаратылыстану ғылымдары қатарына жатқызса, енді басқалары оны қоғамдық ғылымдарға жатқызады.



1- ТАПСЫРМА

ГРАММАТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Зат есімдерді теріп алып, жасалу жолына, тұлғасына қарай кесте бойынша топтап жазыңыздар.

1.Негізгі түбірлі зат есімдер	2.Туынды түбірлі зат есімдер	3.Біріккен түбірлі зат есімдер	4.Қос сөзді зат есім	5.Сөз тіркесінен жасалған зат есім
-------------------------------	------------------------------	--------------------------------	----------------------	------------------------------------

-Мынау жас қонаққа,- деді Жаңбырбай, Асқар тыстан келгеннен кейін, Әйеліне,- төсекті Сарыбастың бөлмесіне салып бер, жастар ойнап-күліп бірге жатсын. Сонау тау ішіндегі тар кезеңде жалғыз қалған Олжабектің ит-құсқа жем қылмай алып қайтқан мылтықты адам- осы Шығанақ. Шығанақ оған бала, оқушы деп қана қарамайды. Таң қараңғысында өзге пішеншілерді оятатын, ол барлық шалғыны да түн бойы шыңдап, қылпылдатып қояды.

Адам топ әскерді алдап, өлімге апара алса да, өзіне зұлымдықты қойғыза алмайды. Адамшылық деген алдамшы ат қойылған антұрған, айтпай-ақ қойылсын. Өткен жазда болған болыс сайлауында сол ауылдың біруі болыстыққа таласқан Тоқсанбайдың Сыздығы деген байға қарсы шыққан. Атшының төменгі ерні торғай шұқып кеткендей қып-қызыл жара, арақпен емдеп келеді.





2-ТАПСЫРМА

- 1.Лексикологияның зерттеу объектісі не?
- 2.Морфология нені зерттейді?
- 3.Синтаксистің қарастыратын мәселелері?
- 4.Фонетика және оның салалары?



3-ТАПСЫРМА

БЕРІЛГЕН МӘТІННЕН ӨЗДЕРІҢЕ ҰНАҒАН СӨЙЛЕМ АЛЫП СӨЙЛЕМГЕ
СИНТАКСИСТІК ТАЛДАУ ЖАСАҢДАР.

Қызы Үбиан ұзатылып кеткеннен кейін, Момыш атаның тұрмысы одан бетер нашарлай түседі. Себебі қызының жасауына көптеп қарыздар алып, жүдеп қалады. Сонда балаларының өгей шешесі, демек екінші жұбайы мінез көрсете бастайды: “Қазаныңда май қалмады, қатықталған шай қалмады. Бір қызыңды ұзатамын деп, аш өзек етіп ұлытып қоймақпысың” деп. Бірбеткей Момыш ата мұндай сөзге шыдай алмай, әйелінің төркінін шақырып мынандай сөз айтады: -” Ағат кетсем, айып көрмеңіздер. Бірақ осыншама қартайған шағымда қаңқу сөз есітем деген жоқ едім. Өгей деп, өңменінен итермес, өзім деп, бауырына басар деп ем балаларымды. Адасқан екем. Кеш болса да, жөнімді табайын. Табалау табына күйгенше, жалғыздықпен жағаласып өткенім жақсы. Қыздарыңызды ала кетсеңіздер екен. Салғыласып отыра алатын жайым жоқ” – дейді. Момыш атаның мына сөзі де ойға қалдырды: – “Біз үйміз, біз елміз, біз халықпыз. Адам туады, адам өледі. Ал халық ешқашан өлмек емес...”



4-ТАПСЫРМА

БЕРІЛГЕН МӘТІННЕН ӨЗДЕРІҢЕ ҰНАҒАН СӨЙЛЕМ АЛЫП СӨЙЛЕМГЕ ФОНЕТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАҢДАР.

Қызы Үбиан ұзатылып кеткеннен кейін, Момыш атаның тұрмысы одан бетер нашарлай түседі. Себебі қызының жасауына көптеп қарыздар алып, жүдеп қалады. Сонда балаларының өгей шешесі, демек екінші жұбайы мінез көрсете бастайды: “Қазаныңда май қалмады, қатықталған шай қалмады. Бір қызыңды ұзатамын деп, аш өзек етіп ұлытып қоймақпысың” деп. Бірбеткей Момыш ата мұндай сөзге шыдай алмай, әйелінің төркінін шақырып мынандай сөз айтады: -” Ағат кетсем, айып көрмеңіздер. Бірақ осыншама қартайған шағымда қаңқу сөз есітем деген жоқ едім. Өгей деп, өңменінен итермес, өзім деп, бауырына басар деп ем балаларымды. Адасқан екем. Кеш болса да, жөнімді табайын. Табалау табына күйгенше, жалғыздықпен жағаласып өткенім жақсы. Қыздарыңызды ала кетсеңіздер екен. Салғыласып отыра алатын жайым жоқ” – дейді. Момыш атаның мына сөзі де ойға қалдырды: – “Біз үйміз, біз елміз, біз халықпыз. Адам туады, адам өледі. Ал халық ешқашан өлмек емес...”

5-ТАПСЫРМА

Тест тапсырмалары



1-нұсқа

1. Дұрыс жазылған сөзді белгілеңіз.
 - A) Ләззәт.
 - B) Күләндә.
 - C) Жәмила.
 - D) Күлай.
 - E) Дұдамал.
2. Туынды сын есімді табыңыз.
 - A) Нашар.
 - B) Ақ.
 - C) Аласа.
 - D) Абырой.
 - E) Аспалы.
3. “Он төрт” – сан есімнің қай мағыналық түрі екенін белгілеңіз.
 - A) Бөлшектік.
 - B) Есептік.
 - C) Болжалдық.
 - D) Реттік.
 - E) Жинақтық.
4. Өздік есімдігі қатысқан сөз тіркесін көрсетіңіз.
 - A) Көңілді қария.
 - B) Еңбектеген бала.
 - C) Өзіміздің балалар.
 - D) Өнерлі жастар.
 - E) Мектеп оқушылары.
5. Жай сөйлемнің қай түрі, көрсетіңіз.

Жүйрік ат – ердің қанаты.

 - A) Жалаң.
 - B) Жақсыз.
 - C) Атаулы.
 - D) Жайылма.
 - E) Сабақтас.

7. Антоним сөздерді көрсетіңіз.

- A) Шыбын - шіркей.
- B) Бұлғақтау - бұралаңдау.
- C) Аштық - тоқтық.
- D) Аға - әке.
- E) Көктем - жазғытұры.

8. Заттық ұғымның атауы болатын сөзді табыңыз.

- A) Әлдеқалай, солай.
- B) Көрген, көрер.
- C) Анау, сонау.
- D) Демеуші, егінші.
- E) Сіз, сенен.

9. Күрделі сөзді көрсетіңіз.

- A) Қабырғаңмен кеңес.
- B) Тіс жармады.
- C) Таза киім.
- D) Сары уайымға салынды.
- E) Жүріп келе жатыр еді.

10. Негізі екі буыннан құралған еліктеуіш сөзді табыңыз.

- A) Лып.
- B) Қыңқ.
- C) Тыртың.
- D) Күмп.
- E) Арс.



16. Ілгерінді ықпалды табыңыз.

- A) Добым.
- B) Мәдениет.
- C) Машина.
- D) Қамысбай.
- E) Жанбады.

17. Сөз аралығындағы кейінді ықпалды көрсетіңіз.

- A) Өлең өлшемі.
- B) Сұрап ал.
- C) Атты кісі.
- D) Көшенің бойы.
- E) Қиындықтан қашса.

18. Қосымшалы қос сөзді көрсетіңіз.

- A) Балалы-шағалы.
- B) Үп-үлкен.
- C) Қып-қызыл.
- D) Төбе-төбе.
- E) Алыс-жақын.

19. Көмектес септіктің көнеленуінен қалыптасқан үстеуді белгілеңіз.

- A) Баяғыда.
- B) Әрең-әрең.
- C) Кеңінен.
- D) Жоғары.
- E) Кезекпен.

20. Күшейткіш демеулікті табыңыз.

- A) дейін
- B) сайын
- C) -ау
- D) ше
- E) -ды



21. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзі бар сөйлемді табыңыз.

- A) – Бұл үйдің жаны нешеу?, деді Итбай.
- B) “Бұл үйдің жаны нешеу”: деді Итбай.
- C) – Бұл үйдің жаны нешеу? деді: Итбай.
- D) – Бұл үйдің жаны нешеу?: деді Итбай.
- E) – Бұл үйдің жаны нешеу?- деді Итбай.

22. Кімнің келіп кетті?

Сұраулы сөйлемнің жасалу жолын табыңыз.

- A) Зат есім.
- B) Сұраулық шылау.
- C) Дауыс интонациясы.
- D) Сұрау есімдігі.
- E) Көмекші етістік.

23. Сен келіп қойғанбысың?

Сұраулық шылаудың түрлену түрін анықтаңыз.

- A) Септелді.
- B) Жіктелді.
- C) Тәуелденді.
- D) Көптік тұлғасында.
- E) Көмектес септікте.

24. Сызықша қай жерде қойылатынын анықтаңыз.

- A) Одағай сөзден кейін.
- B) Бірыңғай мүшелердің арасында.
- C) Атаулы сөйлемнен кейін.
- D) Бастауыш пен баяндауыштың арасында.
- E) Қыстырма сөзден кейін.

25. Орфографиялық заңдылыққа қайшы сөзді көрсетіңіз.

- A) Бұрыш.
- B) Көрік.
- C) Отырыс.
- D) Көкшетау.
- E) Қиян-гескі.

